

FORMATION AND STRUCTURE OF RURAL POPULATION INCOMES
OF THE WEST KAZAKHSTAN REGION

С.М. ЕСЕНГАЛИЕВА*

РФ э.ғ.к.

Б.К. РАХИМГАЛИЕВ

аға оқытушы

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті,

Орал, Қазақстан

salta_em@mail.ru

С.М. ЕСЕНГАЛИЕВА

к.э.н. РФ

Б.К. РАХИМГАЛИЕВ

ст.преподаватель

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана,

Уральск, Казахстан

С.М. YESSENGALIYEVA

C.E.Sc. RF

В.К. RAHIMGALIEV

Senior Teacher

West Kazakhstan Agrarian Technical University named after Zhangir Khan, Uralsk, Kazakhstan

Аңдатпа. Батыс Қазақстан облысы халқының азық-түлікке экономикалық қол жетімділігінің негізгі мәселелері қарастырылды. Он жылдық кезеңдегі жалақы, зейнетақы және жәрдемақы мөлшері талданған. Табыстың негізгі көзі еңбек қызметі болып табылатыны, оның табыс құрылымындағы үлесі біртіндеп қысқарған, ал мемлекет халықтың нақты қолда бар табысын арттыру мақсатында әлеуметтік трансферттерді ұлғайтатыны анықталған. Облыс аудандары бойынша жұмыспен қамтылған халықтың бөлу көрсетілген. Ауыл шаруашылығы өндірісі жалдамалы қызметкерлердің де, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың да жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ететіні анықталған. Ауылдық жерлерде бұл санат негізінен жеке қосалқы шаруашылықтарды жүргізумен айналысады. Шаруашылық жүргізудің әртүрлі нысанындағы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру құрылымына талдау жасалған және азық-түліктің 50%-дан астамы халықтың шаруашылықтарын қамтамасыз ететіні анықталған. Облыста өндірілген аграрлық өнімнің жан басына шаққандағы көлемі ұсынылған. Бір тұрғынға шаққандағы азық-түлік өнімдерін тұтынудың қалыптасқан деңгейі, ауыл және қала тұрғындарының азық-түлік тұтынудағы, сондай-ақ ұтымды тамақтану нормаларымен салыстырғандағы айырмашылықтар талданды. Ауыл халқының табысын арттыру бойынша іс-шаралар ұсынылған. Электрондық сауда алаңдарын құру арқылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің желілік саудасын дамыту қажеттілігі негізделген.

Аннотация. Рассмотрены основные проблемы экономической доступности продовольствия населению Западно-Казахстанской области. Проанализированы размеры заработной платы, пенсий и пособий в регионе за десятилетний период. Выявлено, что основным источником дохода является трудовая деятельность, доля которой в структуре доходов постепенно сокращается, а государство, с целью повышения реальных располагаемых средств жителей увеличивает социальные трансферты. Показано распределение самозанятого населения по районам области. Определено, что сельскохозяйственное производство обеспечивает занятость как наемных работников, так и самозанятых. В сельской местности эта категория занимается в основном ведением личных подсобных хозяйств. Дан анализ структуры производства сельскохозяйственной продукции разных форм хозяйствования и определено, что свыше 50% продовольствия обеспечивают хозяйства населения. Представлены объемы произведенной аграрной продукции в области на душу населения. Проанализированы сложившиеся уровни потребления продуктов питания в расчете на одного жителя, различия в использовании продовольствия сельским и городским населением, а также в сравнении с рациональными нормами питания. Предложены мероприятия по повышению доходов сельского населения. Обоснована необходимость развития сетевой торговли сельскохозяйственной продукцией посредством создания электронных площадок торговли.

Abstract. The main problems of economic availability of food to the population of the West Kazakhstan region are considered. The wages, pensions and benefits in the region over a ten-year

period have been analyzed. It has been revealed that labor activity is the main source of income which share in the income structure is gradually decreasing, and the State, in order to increase the real incomes of the population, increases social transfers. The distribution of the population of the region is shown. It is determined that agricultural production provides employment for the hired workers and self-employed population. In rural areas, this category is involved mainly in management of personal subsidiary farms. The analysis of the structure of agricultural production of various forms of management is conducted and it is determined that over 50% of food supplies are provided by the households. The volume of agricultural products produced in the region per capita is presented. The current levels of consumption of food per capita, differences in food consumption by rural and urban populations, as well as in comparison with rational nutritional standards were analyzed. Measures aimed to increase the income of the rural population were proposed. The need to develop the network trade of agricultural products through the creation of electronic trading platforms has been justified.

Түйінді сөздер: аграрлық сектор, табыстар, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық, азық-түлікке қол жетімділік, халық шаруашылығы, жалақы, зейнетақы, жәрдемақы, өндіріс, тұтыну, кооперация.

Ключевые слова: аграрный сектор, доходы, самозанятое население, доступность продовольствия, хозяйства населения, заработная плата, пенсии, пособия, производство, потребление, кооперация.

Keywords: agricultural sector, incomes, self-employed population, availability of food, households, wages, pensions, benefits, production, consumption, cooperation.

Кіріспе. Қазақстан Республикасында мемлекеттік экономикалық саясаттың басымдықтарының бірі ретінде ел тұрғындарын сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етуге жауапты ұлттық аграрлық азық-түліктік нарық саналады. Азық-түлік қауіпсіздігі экономикалық қауіпсіздік элементі ретінде ұлттық қауіпсіздік құрамына кіргізілгендігі осыны дәлелдей түседі. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекеттің тұтыну мен демографиялық өсімнің физиологиялық мөлшерлерін қанағаттандыру үшін жеткілікті қауіпсіз және сапалы азық-түліктік тауарларға тұрғындардың нақты және экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету міндеттемесін алатындығын білдіреді [1,2]. Ұлттық аграрлық азық-түлік нарығы жүйе ретінде аймақтық азық-түлік нарығын кірістіреді. Егер де ұлттық нарық азық-түлік қауіпсіздігіне жауап берсе, аймақтық нарық аймақтың азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз етуіне жауап береді [3]. Қазақстан Республикасы аймақтарының экономикасы дамуының қазіргі жағдайы әр түрлі. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерінің, шикізаттарының және азық-түлік өнімдерінің қажетті көлемін алуға сәйкестігі тұрғысынан азық-түлік өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру мен тұтыну және олардың ауыл шаруашылығының потенциалы да түрлі деңгейде [4]. Осыған байланысты ауыл шаруашылығы кірісін жоғарылату жағдайын қалыптастыру бойынша ұсыны-

стар әзірлеу мақсатында кіріс-тің қалыптасқан деңгейіне, олардың құрылымына, ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерінің өндірісіне және аймақ тұрғындарының азық-түлік өнімдерінің негізгі түрлерін тұтынуына зерттеу жүргізілді.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Экономикалық әдебиеттерде аграрлық азық-түлік нарығының қазіргі жағдайын бағалауға және дамытуға әдістемелік тәсілдер басты мақсаттан және екі аспектіден тұрады: салыстырмалы түрде аумаққа және әр жеке адамға. Әр жеке адамға қатысты азық-түлікпен қамтамасыз ету физикалық және интеллектуалды дамыған адамды қалыптастыру, әл-аухатты көтеру және әлеуметтік инфрақұрылымды реформалау кезінде кедейшілікті жою үшін қажет. Жекелеген мемлекетке қатысты – бұл елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Тұрғындардың азық-түлікпен қамтамасыздығы деңгейін бағалау кезінде тек азық-түлік өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру немесе тұтынуды ғана емес, сонымен бірге ауыл шаруашылығы өнімдерінің, шикізаттарының және азық-түлік өнімдерінің қажетті көлемін алуға сәйкестігі тұрғысынан елдің ауыл шаруашылығының потенциалын сипаттайтын көрсеткіштер жүйесі қолданылады [5,6].

Азық-түлік өнімдеріне экономикалық қолжетімділігін талдау үшін қажетті мәлімет-тер ретінде көрсеткіштердің келесідей

екі негізгі тобы қолданылды: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті мен оның аумақтық органдарының жеке-леген аймақтардағы тұрғындардың ақшалай кірісі, ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерінің өндірісі және маңызды тағамдық өнімдердің тұтынылу көрсеткіштері [7].

Кешенді зерттеуді қамтамасыз ету үшін жұмыста талдаудың келесідей жинақтау, топтау, салыстыру, ранжирлеу, статистикалық мәліметтерді визуализациялау, VS Excel қолданбалы бағдарлама әдістері қолданылды [8, 9].

Нәтижелер және оларды талқылау.

Ресми статистика мәліметтерін талдау 2008-2017 жж. ЖАӨ Батыс Қазақстан облысының өнімдерінің үлесі төмендеп келе жатқандығын көрсетеді. Егер де, 2008 жылы облыс республикасының жалпы өнімінің 5,1%-ін қамтамасыз етсе, 2017 жылы – тек 4,3%-ін қамтамасыз еткен. Қарастырылып отырған кезеңде неғұрлым жоғары көрсеткіш 2012 жылы болды – 5,6%, неғұрлым төмен көрсеткіш – 2015 жылы болған – 4,2%, 2018 жылы – 4,1% құрады.

Облыстың ауыл шаруашылығы өнімдерінің республикалық ЖІӨ үлесі 2008 жылы 3,9 %-тен 2017 жылы 3,4%-ке дейін қысқарған, ал 2018 жылы – 3,9%.

Азық-түлік өнімдеріне экономикалық қолжетімділік ел тұрғындарының тамақтанудың ең төменгі мөлшеріне сәйкес қалыптасқан бағада және тұрғындардың әртүрлі топтарының кірісі жағдайында азық-түлікті сатып алу мүмкіндігі бар екендігін білдіреді. Мақала авторларымен онжылдық кезеңдегі – 2008-2018 жж. аралығындағы Батыс Қазақстан облысындағы тұрғындардың нақты иелік ететін ақшалай кірістерінің, нақты аударылған еңбек-ақының, тағайындалған айлық зейнетақы мен жәрдемақылардың нақты мөлшерінің динамикасына талдау жүргізілді.

2008-2018 жылдардағы ресми статистика мәліметтері осы кезеңде облыста тұтыну бағаларының индексінің салыстырмалы тұрақты өсімі кезінде тұрғындардың нақты иелік ететін ақшалай кірістерінің, нақты аударылған еңбекақының, тағайындалған айлық зейнетақы мен жәрдемақылардың нақты мөлшерінің өскендігін көрсетеді, бірақта көрсеткіштер өсімінің қарқыны жылдар бойынша әр түрлі болған.

Қарастырылып отырған жылдар ішінде нақты аударылған орташа айлық еңбекақы өсімінің неғұрлым жоғары қарқыны 2014 жылы болған. 2013 жылмен са-

лыстырғанда бұл жылы аталған көрсеткіш 4,4%-ке артқан, өсімнің неғұрлым төмен қарқыны 2016 жылмен салыстырғанда 1%-ке төмендеген 2017 жылы бай-қалды. 2018 жылғы орташа айлық жалақы 151478 теңгені құрады. 2017 жылғы нақты жалақы индексі 4,4% өскен.

Бұл көрсеткіштер орташа республикалық көрсеткіштерден ерекшеленеді. Республикада нақты аударылған еңбекақы 2015 жылы 2014 жылмен салыстырғанда 2,3%-ке төмендеген; 2016 жылы өткен жылмен салыстырғанда 1,1%-ке, 2017 жылы 2016 жылмен салыстырғанда 1,7%-ке төмендеген.

Еңбек қызметінен түсетін кіріс құрамында жалдау бойынша жұмыстардан түсетін кіріс маңызды орын алады. 2008 жылы оның үлесіне 60,4% (қалада – 66,6%, ауылдық елді мекендерде – 51,9%) тиесілі болды. 2017 жылы оның үлесі 64,2%-ке дейін өскен (қалада – 66,9%, ауылдық елді мекендерде – 60,1%). Сонымен бір уақытта кәсіпкерлік қызметтен түсетін кіріс үлесі 2008 жылғы 16,6%-тен 2017 жылы 9,7%-ке дейін төмендеп отыр. 2018 жылдың 3 тоқсанына шаққанда табыстар құрылымында 62,5% жалдамалы жұмыстан, 10,4% өз бетінше жұмыстан, 23,5% әлеуметтік трансферттерден, 3,6% өзге де ақшалай табыстардан.

2008 жылы кәсіпкерлік қалаларда кірістің 9,2%-ін, ауылдық жерлерде 26,8%-ін қамтамасыз етті. 2017 жылы кәсіпкерлік қызметтен түсетін кіріс үлесі қалаларда 8,0%-ке және ауылдық жерлерде 12,3%-ке дейін төмендеген.

Экономикалық теория көрсеткендей, мемлекеттің іскерлік белсенділігі төмендеу кезеңінде жиынтық сұранысты ынталандыру мақсатында трансферттерді ұлғайтады. Осы кезеңде әлеуметтік трансферттер 2008 жылғы 18,8%-тен 2017 жылы 21,2%-ке; сәйкесінше жылдар бойынша қалаларда – 18,4%-тен 19,9%-ке, ауылдық жерлерде 19,5%-тен 23,1%-ке дейін өсті. Облыс тұрғындарының нақты аударылған зейнетақы мөлшері 2013-2015 жылдары жоғарылады. Бірақта 2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда оның мөлшері 4,5%-ке төмендеген және 2017 жылы 2016 жылға қарағанда 12,4%-ке өскен.

Осы өзгерістер нәтижесінде облыс тұрғындарының нақты ақшалай кірістерінің индексі 2014 жылға қарағанда 2015 жылы – 2,5%-ке төмендеген және 2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда 5,9%-ке, 2017 жылы 2016 жылға қарағанда бар-жоғы – 2,2%-ке ұлғайған.

Облыс тұрғындарының ақшалай кірістерінің өзгерісіне әсер ететін факторларды анықтау мақсатында кіріс құрылымы зерттелді. Зерттеу тұрғындар кірісінің құрылымында өзгерістер болғандығын көрсетіп отыр. Қарастырылып отырған жылдарда тұрғындар кірісінің негізгі көзі ретінде еңбек қызметінен түсетін кірістер саналады. Бірақта кірістің жалпы сома-сында олардың үлесі 2008 жылғы 77%-тен 2017 жылы 73,9%-ке төмендеп отыр. Ауылдық жерлерде – сәйкес жылдар бойынша 78,7%-тен 72,4%-ке төмендеген.

Батыс Қазақстан облысында тұрғындардың жұмыспен қамтылуы тұрғындардың кірісі мен шығысына әсер етеді. Адамдар еңбек қызметін жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру, азық-түлік өнімдеріне экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында белгілі бір кіріс алу үшін жүзеге асырады.

Батыс Қазақстан облысы тұрғындарының 2008-2018 жж. жұмыспен қамтылу деңгейін қарастырамыз. Қарастырылып отырған жылдар шеңберінде мәліметтерді зерттеу Батыс Қазақстан облысы тұрғындарының жұмыспен қамтылуының ауытқуын көрсетеді. Оларды шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең – 2008-2010 жж. көрсеткіштердің мәні 69,3%-тен 68,8%-ке (0,5 %-ке) төмендеген.

Екінші кезең – 2011 жылдан 2014 жылға дейін. Бұл кезеңде жұмыспен қамтудың ең жоғары деңгейі 2012 жылы 69,9% деңгейінде тіркелген (2010 жылмен салыстырғанда жұмыспен қамту 1,1%-ке, ал 2011 жылмен салыстырғанда 0,4%-ке артқан). Бұл кезеңнің кейінгі жылдары тұрғындарды жұмыспен қамту төмендеген. Үшінші кезең – 2015 жылдан 2017 жылға дейін. 2015 жылы облыста зерттеудің барлық кезеңіндегі (2008-2017 жж.) неғұрлым төмен жұмыспен қамту байқалса, кейінгі жылдары ол көрсеткіште өсімге қол жеткізілген. Бұл көрсеткіштердің мәні жұмыспен қамтудың орташа республикалық көрсеткіштерінен ерекшеленеді. 2008-2017 жж. республикада жұмыспен қамтудың ең төмен деңгейі – 66,1% 2009 және 2015 жылдары байқалса, осы кезеңдегі тұрғындарды ең жоғары жұмыспен қамту (68%) 2013 жылы тіркелген.

Батыс Қазақстан облысының ауылдық жерлерінде облыс тұрғындарының, соның ішінде еңбекке қабілетті жастағылардың 48%-тен астамы тұрып жатыр. Барлық қалалық тұрғындар облыс орталығы – Орал қаласында және Бөрлі ауданының орталығы – Ақсай қаласында шоғырланған.


Батыс Қазақстан облысының аудандарында тұрғындарды жұмыспен қамтудың зерттелген кезеңі түрлі деңгейде: 2008 жылы жұмыспен қамту орташа облыстық деңгейден жоғары – Бөрлі ауданында, ал ең төменгі – Бөкейорда ауданында болды. 2017 жылы неғұрлым жоғары жұмыспен қамтуды Бөрлі ауданы (77,8%) қамтамасыз етсе, ал неғұрлым төмен деңгей – Казталов ауданында (71,2%) тіркелді. Облыс орталығы Орал қаласында жұмыспен қамту орташа облыстық деңгейден (64,5%) төмен болды.

Біздің зерттеулеріміз көрсеткендей облыста жұмыспен қамту мәртебесі бойынша жұмыспен қамтылғандар құрылымында жалдамалы жұмысшылар мәртебесі неғұрлым жоғары болып келеді. Бұл еңбекақы, оклад, сыйақы, үстеме және т.б., немесе натуралды нысанда төлем төлеуді (сыйақы) қарастыратын жалдау келісімшарты бойынша жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар 2017 жылы облыста жұмыспен қамтылғандардың 36,9%-і өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындар мәртебесін иеленді. Облыстың Бөрлі ауданын есепке алмағанда, қалған барлық аудандарда олардың үлесі жоғары (сурет).

Ақжайық, Бөкейорда, Жаңақала, Жәнібек, Казталов, Қаратөбе, Сырым, Тасқала, Теректі, Шыңғырлау аудандары ауыл шаруашылығы өндірісі үшін қолайлы табиғи жағдайларымен сипатталады.

Мұнда қалалар жоқ, экономиканың өзге салалары дамымаған, сондықтан да ауыл шаруашылығы өндірісі тұрғындарды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етеді. Ол жалдамалы жұмысшыларды да және өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындарды да жұмыспен қамтамасыз етеді. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындар үшін еңбек ету сферасы болып сала өнімдерінің 50%-тен астамын қамтамасыз етіп отырған олардың жеке шаруашылықтары табылады (1 кесте).

Аграрная политика: механизм реализации



Ескерту: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика жөніндегі комитет мәліметтері бойынша құрастырылды. www.stat.gov.kz

Сурет – Батыс Қазақстан облысының аудандары бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындардың бөлінуі

1 кесте – 2013-2017 жылдардағы шаруашылық санаттары бойынша Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің құрылымы, %

	2013	2014	2015	2016	2017
Жалпы өнім – барлығы соның ішінде:	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0
ауыл шаруашылығы кәсіпорындары	5,9	6,1	5,7	8,0	9,0
жеке кәсіпкерлер және шаруа немесе фермерлік шаруашылықтар	28,6	32,1	30,5	36,7	37,1
тұрғындар шаруашылығы	65,5	61,8	63,8	55,3	53,9

Ескерту: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика жөніндегі комитет мәліметтері бойынша құрастырылды. www.stat.gov.kz

Облыстың ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлеміндегі тұрғындардың жеке шаруашылықтары өнімінің үлесі қысқарып келе жатқандығын атап өту маңызды. Егер де 2013 жылы тұрғындар шаруашылықтары өнімдерінің үлесі ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы өндірісіндегі үлесі 52,7%-ке: мал шаруашылығында – 78%, өсімдік шаруашылығында – 27% болса, 2017 жылы – 53,9% құраған. Бірақта жүргізілген зерттеулер көрсеткендей жеке қосалқы шаруашылықтарда қолма-қол ақшаның көлеңкелі айналымының қомақты көлемі мен формальді емес жұмыспен қамту байқалады. Бұл нарықтағы ұсақ қатысушылардың санының өсуімен және өнімнің негізсіз қымбаттауымен негізделетін салық заңдарындағы олқылықтармен, өндірістің ұсақ тауарлылығымен, саудалогистикалық инфрақұрылымының дамуымен байланысты [10].

Батыс Қазақстан облысының аграрлық азық-түлік нарығы мен ауыл шаруашы-

лығының шешуі тиіс маңызды міндеттерінің бірі – облыс тұрғындарының азық-түлік және тағам өнімдері үшін шикізат ретінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерімен өзін-өзі қамтамасыз ету. Бірақ та бұл сұрақ облыс аудандарының ауыл шаруашылығының қандай да бір салалары үшін табиғи жағдайлардың және облыс тұрғындарының жан басына шаққанда ауыл шаруашылығының жер көлемі – жермен қамтамасыздығы сәйкестігімен анықталады. Облыстағы бұл факторлардың сәйкестігінің ерекшелігі облыс тұрғындарының жан басына шаққанда бидай, картоп, ет және сүт өндірісін көрсетеді (2 кесте).

Алынған мәліметтер облыстың ауыл шаруашылығы 2017 жылы 2008 жылмен салыстырғанда жан басына шаққанда картоп өндірісінің 13,1%-ке, көкөністің 27%-ке, бақша өнімдерінің 27%-ке артқандығын және бидай өндірісінің 52,1%-ке қысқарғанын көрсетіп отыр.

[illegible]

	2008 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2017 ж. %	
					2008 ж.	2016 ж.
Бидай	1194,0	150,6	484,7	572,1	47,9	118,0
Картоп	80,4	109,2	114,1	90,9	113,1	79,7
Көкөніс	63,8	96,4	99,7	81,0	127,0	81,2
Бақша өнімдері	28,6	43,5	44,3	36,3	126,9	81,9
Ет	59,2	61,9	63,5	67,2	113,5	105,8
Сүт	375,7	357,4	356,2	359,4	95,7	100,9
Жұмыртқа	172,4	237	240,5	251,7	146,0	104,7

Ескерту: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика жөніндегі комитет мәліметтері бойынша құрастырылды. www.stat.gov.kz

Азық-түлікке төлем қабілетті сұранысты жоғарылату факторларын анықтау мақсатында облыстағы экономикалық қызмет түрлері бойынша орташа айлық еңбекақының өзгеру қарқынын қарастырдық. Зерттеу көрсеткендей, 2017 жылы облыс экономикасында жұмыспен қамтылғандардың 60%-тен астамы орташа айлық номинальды еңбекақы көрсеткішінен төмен еңбекақы алған. Жұмыспен қамтылғандардың 22,7%-і еңбектенетін ауыл шаруашылығында еңбекақы облыстағы орташа айлық еңбекақының 49,6%-ін құраған.

Батыс Қазақстан облысының азық-түлікті орташа жан басына шаққанда тұтыну динамикасы 3 кестеде берілген.

	2008 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2017 ж. % қатынасында	
					2008 ж.	2016 ж.
Ет және ет өнімдері	50	70	70	69	138	98,6
Сүт және сүт өнімдері	232	222	226	227	97,8	100,4
Жұмыртқа	100	147	145	146	146	100,7
Картоп	42	48	48	47	111,9	97,9
Жеміс-жидектер, көкөністер мен бақша өнімдері	42	80	78	78	185,7	100
Нан өнімдері	119	125	125	125	105	100
Ескерту: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика жөніндегі комитет мәліметтері бойынша қырастырылды. www.stat.gov.kz						

Рациональды нормалармен салыстыру бойынша облыс тұрғындарының тамақтану нан өнімдерін қоспағанда азық-түліктің барлық топтары бойынша жетіспеушілігімен ерекшеленеді. Азық-түлік өнімдерін ауыл және қала тұрғындарының тұтынуында айырмашылық көрінеді. Ресми статистика мәліметтерін зерттеу ауыл тұрғындары нан және нан өнімдерін, бау-бақша өнімдерін көбірек тұтынатынын көрсетеді. Сонымен бірге, олар ет және ет өнімдерін, сүт және сүт өнімдерін, жұмыртқа, жеміс-жидектер, картопты аз тұтынады.

Республика тұрғындарының тағам өнімдерінің негізгі түрлерін нақты тұтыну көрсеткіштерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық мөлшерлерімен салыстыру республика бойынша орташа тұтыну ең төменгі күнкөріс деңгейінен жоғары екендігін көрсетеді. Сонымен бірге, қалыптасқан тұтыну деңгейін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің 2016 жылғы 9 желтоқсан-дағы №503 бұйрығымен бекітілген тиімді мөлшерлермен салыстыру ел тұрғындарының тамақтануы тағамтанудың барлық қарастырылып отырған түрлері бойынша тапшылық орын алғандығын көрсетеді. Ет және сүт өнімдерінің тапшылығы басты назар аудартады. Тамақтану құрамында қажетті өнімдердің, яғни қымбат өнімдердің орнына (мысалы, ет, ірімшік) пайдалылығы төмен, бірақ та неғұрлым қолжетімді және арзан өнімдермен (нан өнімдері, картоп) алмасуы жүруде.

Тұжырымдар. 1 Азық-түлік және тағам өнеркәсібі үшін шикізаттар ретінде ауыл шаруашылығы өнімдеріне сұранысты жоғарылатуға бағытталған шараларды аймақтағы ауыл шаруашылығын дамытуды ынталандыру есебінен жүргізу қажет. Осы мақсатта Батыс Қазақстан облысы үшін тұрғындардың жеке қосалқы шаруашылықтарын кооперациялау арқылы дамыту бағдарламасын жүзеге асыру қажет. Кооперация ауылдағы өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындардың кірісін және жеке қосалқы шаруашылықтардың кірістілігін жоғарылату көзі болуы тиіс [қараңыз 10].

2. Белсенді және салауатты өмір салтын ұстану үшін қажетті тамақтану өнімдерінің жиынтығын сатып алуға кірісі мүмкіндік бермейтін тұрғындардың неғұрлым аз қамтылған топтарын қолдаудың аймақтық бағдарламасын жүзеге асыру қажет. Жеке-кей алғанда, азық-түлік өнімдеріне сұранысты жоғарылату мақсатында балалар-

дың, зейнеткерлердің, жүкті және бала емізетін әйелдердің тамақтануын ұйымдастыруға субсидия ұсынуға ықпал жасау.

3. Сауданың электронды алаңын құру жолымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің желілік саудасын дамыту қажет. Бұл жеке қосалқы шаруашылықтар кооперативтеріне, ұсақ шаруашылықтар мен фермерлерге үлкен нарықтың тең құқылы қатысушылары ретінде сезінулеріне мүмкіндік береді, себебі кез келген ынта білдірген өндіруші өзі туралы ақпаратты орналастыра алады және тұрғындар кірісінің артуына ықпал етеді.

4. Азық түлік және оның өндірісі үшін шикізат ретінде ауыл шаруашылығы өнімдеріне сұранысты жоғарылатуға жана-ма түрде ықпал ететін облыстың көлік инфрақұрылымын дамытуға мемлекеттік инвестициялар қажет.

Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV заңы (2018.28.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [Электрондық ресурс]. -2018.- URL: <http://www.adilet.zan.kz/rus/docs/z050000066> (қаралған күні: 18.02.2019).

2 Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі №66 заңы [Электрондық ресурс]. -2018.- URL: <http://www.adilet.zan.kz/rus/docs/z1200000527> (қаралған күні: 18.02.2019).

3 Қалиев Ғ.Ә., Әкімбекова Ч.Ү. Қазақстан Республикасының ауыл аумақтарының әлеуметтік дамуы //Аграрлық нарық проблемалары.- 2018.-№2.- Б. 7-13.

4 Гиззатова А.И. Вопросы теории и практики агропродовольственного рынка Республики Казахстан. - Уральск: РИЦ ЗКГУ им. М. Утемисова, 2018. – 226 с.

5 Бородин К.Г. Экономическая доступность продовольствия: факторы и методы оценки // Экономический журнал ВШЭ. - 2018.- Т. 22. -№ 4. -С. 563–582.

6 The Economist Intelligence Unit. Global Food Security Index 2017 Measuring Food Security and the Impact of Resource Risks. A Report. - London, 2017.-PP. 15-22.

7 Министерство национальной экономики Республики Казахстан. Комитет по статистике [Электронный ресурс]. – 2018. - URL: <http://www.stat.gov.rz> (дата обращения: 18.01.2019).

8 Елисеева И.И. Статистика: учебное пособие. – М.: Проспект, 2013.– 342 с.

9 Методологическое положение по статистике.- Изд. 4-ое, доп. [Электронный ресурс].- 2018.- URL: <http://www.stat.gov.rz> (дата обращения 18.01.2019).

10 Есенгалиева С.М. Организационно-экономические аспекты развития сельскохозяйственной кооперации // Проблемы агро-рынка. – 2018. - № 1 - С. 156-163.

Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіп-сіздігі туралы. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV заңы (2018.28.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [Электрондық ресурс]. -2018.- URL: <http://www.adilet.zan.kz/rus/docs/z0500000066> (қаралған күні: 18.02.2019).

2 Agroөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі №66 заңы [Электрондық ресурс].- 2018.- URL: <http://www.adilet.zan.kz/rus/docs/z12000000527> (қаралған күні: 18.02.2019).

3 Қалиев Ғ.Ә, Өкімбекова Ч.Ү. Қазақстан Республикасының ауыл аумақтарының әлеуметтік

дамуды //Аграрлық ғылым проблемалары.- 2018.- N2.- В. 7-13.

4 Gizzatova A.I. Voprosy teorii i praktiki agroprodovol'stvennogo rynka Respubliki Kazahstan. - Ural'sk: RIC ZKGU im. M. Utemisova, 2018. – 226 s.

5 Borodin K.G. Jekonomicheskaja dostupnost' prodovol'stviya: faktory i metody ocenki // Jekonomicheskij zhurnal VShJe. -2018.- Т. 22. -№ 4. -S. 563–582.

6 The Economist Intelligence Unit. Global Food Security Index 2017 Measuring Food Security and the Impact of Resource Risks. A Report. - London, 2017.-PP. 15-22.

7 Ministerstvo nacional'noj jekonomiki Respubliki Kazahstan. Komitet po statistike [Jelektronnyj resurs]. – 2018. -URL: <http://www.stat.gov.rz> (data obrashhenija: 18.01.2019).

8 Eliseeva I.I. Statistika: uchebnoe posobie. – М.: Prospekt, 2013.– 342 с.

9 Metodologicheskoe polozhenie po statistike.- Izd. 4-oe, dop. [Jelektronnyj resurs].- 2018.- URL: <http://www.stat.gov.rz> (data obrashhenija 18.01.2019).

10 Esengalieva S.M. Organizacionno-jekonomicheskie aspekty razvitija sel'skhozjajstvennoj kooperacii // Problemy agrorynka. – 2018. - № 1 - S. 156-163.